

Күшейткіш буындар сындық белгінің жоғарғы дәрежесін білдіру үшін қолданылады. Сондықтан да олар – күшейтпелі шырайдың түрін жасайтын тілдік бірлік. Ол туралы ғалым А.Байтұрсынов: «... жай шырайдағы сөз тандаулы шырайға түсуге бас дыбыстары бөлек алынып, оған «п» дыбысы жалғанып, сол бөлектенген дыбыстар сөз алдына қойылып айтылады, мәселен, *а-ның - ап-анық, ау-лақ - ап-аулақ, шо-лақ - шоп-шолақ, қы-сқа - қып-қысқа, та-йпақ - тап-тай-пақ, жа-лақ - жап-жалпақ, се-міз - сеп-семіз, ақ-шам - ап-ақшам* уа ғайри сондайлар» [1, 219]. – деп жазған. А.Байтұрсынов күшейткіш буындарды не көмекшілер деп, не қосымша деп атамаған. А.Байтұрсынов оны «бөлектенген дыбыстар» деп атаған, ғалым олардың атауына мән бермеген, тек жасалу жолын ғана баяндауды мақсат еткен сияқты.

Ал Қ.Жұбанов күшейткіш буындарды қосар сөздің (біздіңше қос сөздің) қатарында алып, оны қосақты қосар деп атаған. Оны ғалымның мына сөзінен көреміз: «Сөздің алдына бір буын қосылып, айтылатыны да болады. Қап-қара, қып-қызыл, ұп-ұзын, кіп-кішкене, дөп-дөңгелек, әп-әдемі, жап-жазық, ап-арық дегендер сияқты. Мұндайларды қосақты қосар дейміз. Сөз қосақты қосар түрінде айтылса, сол сөзбен білдіретін сыпатты күшейтіп көрсетеді. Ұп-ұзын деген ұзын-ақ деген сөз. Әп-әдемі деген өте әдемі деген сөз. ...қосақты қосардың қосағы да өз алдына бір сөз емес, тіркеп, қосақтап тұрған сөзді түгелімен я бір бөлшегін өзгертіп жасалғандар» [2, 161-162].

Қ.Жұбанов қосар сөздер яғни қос сөздер мәселесін жалпы түрде алып қараған, онда сөзжасамдық я грамматикалық сипаттағы сөздер қатар берілген. Қ.Жұбанов қосар сөзге былайша түсінік берген: «Түбір сөзден туынды сөз жасаудың жалғыз амалы түбірге қосымша жалғау ғана емес, түбір сөздің я туынды сөздің - өзін қосақтап та сөзге үстеме мағына беруге болады. Мысалы: бала-шаға, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, ұзын-қысқа, сатыр-сұтыр, көзбе-көз, шай-пай, қап-қара, сап-сары. Мұндай қосарынан айтылатын сөздерді қосар сөздер дейміз» [2, 158]. Біз ғалымның қосар сөздерге келтірген мысалдарында лексикалық мағыналы қос сөздер мен грамматикалық мағыналы сөзтұлғалар араласып жүр дегенімізбен, Қ.Жұбанов оларды туынды сөзжасаудың бір амалы ретінде сөздерді қосақтауды танып, олардың бәрін лексикалық мағыналы қос сөздер деп таныған.

Күшейткіш буындарға ерекше мән беріп, оларды сөз тұлғаларының бірі ретінде жіктеген ғалым – С.Аманжолов. Ғалым сөз тұлғаларын төртке бөледі. Олар: 1) түбір, 2) қосымшалы тұлға, 3) үстемшелі сөз, 4) қос түбір сөз. С.Аманжолов үстемелі тұлға деп ерекше бөліп атаған топқа біз сөз етіп отырған күшейткіш буындар жатады. Тілші-ғалым «үстемелі тұлғаны» былайша сипаттайды: «Үстемелі тұлғаға» барлық үстеу сөзі бар сөз кіре бермейді. Тек сызық арқылы қосылатын, өздігінен ешбір мәні жоқ интенсив

(күшейткіш) сөздер ғана кіреді. Бұған белгілі бір тиянақты мағынасы бар сөздің мағынасын бүтіндей өзгертпей, оған үстеме болып қосылатын, сөз мәні жоқ сөз бөлшектері кіреді. Мысалы: жақсы – жап-жақсы, толық – топ-толық т.б. Сол сияқты қызыл – түбір, қып-қызыл – үстемелі сөз, қара-түбір, қап-қара – үстемелі сөз»[3, 247]. Сөйтіп, ғалым күшейткіш буындарды не қосымшаға не қос сөзге жатқызбай, грамматикалық қызметтегі «интенсив (күшейткіш) сөздер деп атаған. Осы тұрғыдан келгенде, ғалым бұл сөздерді көмекшілерге жақын таныған ба деген ой келеді.

Ғалым Ғ.Мұсабаев күшейткіш буындарды күшейтпелі шырай жасаушы бірден-бір көрсеткіш деп санаған, оны (күшейткіш буындарды) ғалымдардың бәрі шырай категориясының тұлғасы деп таныған деген пікір айтады: «Нәрсенің біркелкі сапасы мен сынын салыстыра келіп, бір нәрсе екінші нәрсенің сапа дәрежесін әлсірей көрсететін түрін күшейтпелі шырай дейміз. Мұның морфологиялық белгісі – күшейту буыны; мысалы: қып-қызыл, жап-жақсы. Бұл форманы түрік тілдерін зерттеген ғалымдардың бәрі де бір ауыздан шырай категориясының формасы деп таныған. Сын есімді зат есімнен басқа өз алдына сөз табы деп тани алмай жүрген я тіпті танығысы келмеген ғалымдардың өздері де бұл форманы сын есімнің күшейтпелі шырай формасы бола алатындығын мойындаған» [4, 49]. Ғ.Мұсабаев күшейткіш буындарды қос сөздерден үш түрлі ерекшелігін ашып көрсетеді. Оны ғалымның мына бір пікірінен көреміз: «...қып-қызыл, жап-жақсыл, ұп-ұзын, жап-жақсы» дегендерді күшейткіш деп атауымыз – осы күнгі жасалу түріне, лексикалық семантикасына қарай айтқанымыз. Олай болмағанда бұлардың өзі де қосарлы сөздің (қос сөздің) бір түрі. Бұлардың қос сөзден айырмасы мынау: біріншіден, бұлар – бір түбірден қайталанған сөздер; бірақ бір түбірден қайталанатын зат есімдерден де басқашарақ; екіншіден, алғашқы түбір өзгеріске ұшырап, форма жағынан басқа қос сөзден басқаланған; үшіншіден, қос сөздер сияқты екі сөз қосылып, өзіне төлеу сөзге тең болып, ауыстыруға да келмейді. Бұл тұлғаның ерекшелігі осында»[4, 52].

Күшейткіш буын туралы пікірді Ж.Шакеновтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы» (1961) еңбегінен кездестіреміз. Автор осы кітабында күшейткіш буынды ерекше тұлға деп санайды: «Күшейткіш буын түркі тілдерінің өзіндік бір ерекшелігі, сын есімді басқа сөз таптарынан ажыратудағы ерекше бір көрінетін тұлғаның бірі болып табылады; ол қандай сөзге үстелмесін әрқашан үстелетін сөзінің сапалық дәрежесін үдетіп, күшейтіп отырады» [5, 26]. Ғалым осы «ерекше тұлға» арқылы жасалған шырай түрін аналитикалық тәсілге жатқызады. Күшейтпелі шырай жай шырайдың «...сапа сынына күшейткіш буынын қойып айту арқылы жасалады: ұп-ұзын, қып-қысқа, қап-қара т.б. яғни кез келген сапа сынының бастапқы буыны алынады да, ... соған буыны алынған сын есім тіркеліп айтылады. Демек, бұл аналитикалық тәсілмен жасалады»[5, 26]. Сөйтіп, Ж.Шакенов күшейткіш буын арқылы жасалған шырайдың жасалу тәсілін аналитикалық деп таныған.

Ал 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында күшейткіш буын сын есімнің ерекше тұлғасы болып аталып, кейбір еңбектерде көрсетілгендей не қосымшаға, не қайталама (редупликацияға), не префикске жатқызылмаған [6, 88].

Күшейтпелі буынды қос сөздер тобына қосу қазақ тілі ғылымында көпке дейін орын алған. Жоғарыдағы айтқандарымыздан күшейтпелі буын алғаш рет Қ.Жұбановтың еңбектерінде қос сөздер (қосар сөздер) тобында қаралғаны белгілі болды. Ал дәл осы жағдай А.Ысқақовтың оқулығында да кездеседі, ғалым күшейтпелі буынды Қ.Жұбановша қосар сөздер деп атамай, қос сөздер (қайталама қос сөздер) деп берген. А.Ысқақов қос сөздер дегенге өте кең түрде қараған, сондықтан олардың сөзжасамдық әрі грамматикалық сипаты ашылмай, араласып кеткен. Мәселен, автор келтірген мысалдарында қолма-қол, сарт-сұрт, шай-пай, ат-мат дегендер бар, бұлар сөздерді қосақтау тәсілі ретінде сөзжасамдық (аналитикалық тәсіл) тәсілдің бір түрі арқылы жасалған туынды сөздер болып табылады да, сөзжасамның аясында қаралады. Өйткені қолма-қол, көзбе-көз дегендер зат есімнен болған үстеулер, ат-мат, шай-пай зат есім, сарт-сұрт еліктеуіш болса, ғалым қайталама қос сөздің бір түрі ретінде келтірген ап-ашық, оп-оңай, сап-сары, жап-жақсы, тап-таза дегендер күшейтпелі шырай тұлғалы сөздер. Алайда ғалым күшейтпелі буынды қайталама қос сөз санағанымен, оның жасалу жолы туралы жеке талдағанда, олардың грамматикалық қызметін айтып, дұрыс түсінік берген: «Бір сыңары ықшамдалып қайталанатын қос сөздерге ап-ашы, жап-жақсы, кіп-кішкене, теп-тегіс, тіп-тік, сап-сары сияқтылар жатады. Қос сөздердің бұл түрі үстеме буынды немесе күшейтпе буынды қос сөздер деп те аталады. Бұл сөздердің үстеме (я күшейтпе) буындары тиісті сын есімнің әуелгі толық компонентінің әрі ықшамдалып (қысқарып), әрі соңына **п** дыбысын жамап алып, бір тұйық **я** бітеу буынға айналуынан пайда болған...

Бұл үстеме буынды сөзге жаңа лексикалық мағына қоспайды, тек ұлғайту **я** солғындату реңкін жамайды» [7, 110] - деп көрсетілгендей, күшейткіш буындар күшейтпелі шырай жасаушы бірден-бір көрсеткіш болғаны белгілі. Мәселен, А. Ысқақовтың жоғарғы оқу орнына арналған морфология оқулығында шырайдың 4 түрі беріліп, күшейтпелі шырай жасаушы бірден бір тұлға ретінде күшейткіш буындар аталған: «Күшейтпелі шырай заттың бастапқы сындық қасиетін күшейте түседі. Бұл шырай негізгі сын есімдерге күшейткіш (үстеме) буынды қабаттастыру арқылы жасалатын өте өнімді форма. Мысалы: *Үй іші **жап-жарық**; ауыз үй **тап-таза** айнадай* (С.Ерубаев); *Аппақ ет, **қып-қызыл** бет, **жап-жалаңаш**, қара шаш қызыл жүзді жасырғанда* (Абай)». Сөйтіп, жалпы күшейтпелі шырайға, оның жасалу жолына катысты оқулықта берілген мәліметтің бас-аяғы осындай.

Ғалым Н.Оралбаева жоғарыдағы аталған «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» деген монографиялық еңбекте күшейткіш буын мен үстеу деп танылып жүрген (*өте, ең, аса* т.б) сөздердің көмекшілер тобында

аталмай жүргенін жазады. Тілші-ғалым ол туралы: «Шырай категориясын жасайтын көмекшілердің тілдің грамматикалық құрылысында өзіндік орны бар. Сын есімнің асырмалы және күшейтпелі шырайларының көмекшілер мен күшейткіш буындар арқылы жасалатыны грамматикаларда, тіпті мектеп грамматикаларында да көрсетіліп жүр. Бірақ олар ешқашан көмекшілер тобында көрсетілмейді. Тілдегі көмекші элементтерді бір топ етіп жіктеген А.Ысқақовтың еңбегінде де ол күшейткіш элементтер аталмаған» - деп көрсетеді [8, 168]. Н.Оралбаева күшейткіш буынды (ол күшейткіш көмекшілерге де қатысты айтылған) көмекші деп танып қана қоймай, оны (оларды) шырайдың аналитикалық тұлғасын жасайтындығын да айтқан. Оны ғалымның мына сөзінен көреміз: «Сондықтан бұл көмекшілерді сын есімнің шырай категориясының аналитикалық формасы деп тану қажет екені талассыз деп санаймыз» [8, 168].

Ал тілдің грамматикалық құрылысына қатысты кейінгі еңбектерде шырайдың күшейтпелі түрі мен асырмалы түрі біріктіріліп, күшейтпелі шырай деп аталып жүргендіктен, күшейтпелі шырайдың екі түрлі көрсеткіші аталады, оның бірі ретінде күшейтпелі буындар көрсетіліп жүр. Мәселен, 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» күшейткіш буындардың күшейтпелі шырай жасаушы көрсеткіштердің бір түрі ретінде аталады: «Күшейтпелі шырай бір заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетіп тұрады. Ол біріншіден, күшейтпелі буын арқылы жасалады...»[9, 467].

2007 жылы жарық көрген Н.Оралбайдың «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты оқулығында да күшейтпелі шырай мен бұрын асырмалы шырай деп аталып жүрген шырай біріктіріліп берілген. Сөйтіп автор шырайдың 3 түрін көрсетеді. Олар: жай шырай, салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай. Н.Оралбай күшейтпелі шырай күшейткіш буын мен күшейткіш көмекшілер арқылы жасалатынын айтып: «Күшейткіш буынды сапа сыны қос сөзге жатпайды, күшейтпелі шырайдың сөзтұлғасына жатады» - деп ескертеді [10, 155]. Қалай дегенде де, күшейткіш буындардың шырай жасайтыны ғылымда белгілі, ол ешқандай пікір таласын тудырмайды. Бірақ күшейткіш буындардың шырайдың аналитикалық тұлғасын жасаушы тілдік бірлік ретіндегі сипаты барлық еңбектерде бірдей жолға қойылған деп айту қиын болғандықтан, ғалымдар Н.Оралбаева, Ә.Төлеуов, С.Исаев, С.Кенбаева өз еңбектерінде осы мәселеге арнайы тоқталған. Н.Оралбаева күшейткіш буындардың дербес сөзге де, қосымшаға да жатпайтынын, тілде категория көрсеткіші ретінде қалыптасқандықтан оларды шырайдың аналитикалық тұлғасын жасаушы тілдік бірлік ретінде танығанын жоғарыда айтып өттік.

Ғалым Ә.Төлеуов 1982 жылы жарық көрген «Сөз таптары» деген еңбегінде шырайдың 3 түрін жай, салыстырмалы, күшейтпелі түрлерін көрсетіп, күшейтпелі шырай аналитикалық тәсілмен жасалады деп, оның бір көрсеткіші ретінде күшейткіш буынды атайды [11].

Ғалым С.Исаев та күшейткіш буындарды не қосымша, не префикс

сияқты тұлғаларға жатпайтынын көмекші сөздер есебінде қолданылатынын айтып, оларды шырайдың аналитикалық тұлғасын жасаушы көрсеткіш деп атаған [12].

2008 жылы «Шырай категориясының жасалуы, түрлері, қолданысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазған С. Кенбаева да осы мәселенің ғылымда толық шешімін таппай келе жатқанын айтады. С.Кенбаева ғалым А.Ысқақовтың жоғарыда аталған оқулығында күшейткіш буындардың қос сөздер тобында берілгенін үзіндімен келтіре отырып, «Күшейткіш буын грамматикалық көрсеткіш болса, ол шырай категориясының мағынасын білдірсе, ол неге қос сөздер тобында беріледі?» [13] деген сауал қояды. Және сөздерді қосақтау тәсілінің сөзжасамға қатысты екенін айтады: «Қос сөздер түркологияда да, қазақ тіл білімінде де негізінен туынды сөздерге жатады, сөздіктерде реестр сөз ретінде беріліп жүр. Осы мәселе сөз болғанда, қып-қызыл, үп-үлкен сияқты күшейтпелі шырай формасындағы сөздер үнемі сұрақ туғызады, олардың қос сөзге жататынына көпшілік күмәнданады. Өйткені сөздің грамматикалық формасы реестр сөз саналған емес. Ал, бұл сөздер қос сөздер тобында берілгендіктен, олар сөздіктерде беріліп жүр. Онда ағырақ, үлкенірек, өте ақ, өте үлкен сияқты сөз формалар да сөздікте берілу керек. Ол мүмкін емес болса, онда жап-жақсы, үп-үлкен сияқты күшейтпелі шырайдың сөз формалары да сөздікте берілмеуі керек» [13, 53]. Сөйтіп С.Кенбаева күшейткіш буындардың қос сөз қатарында берілгені қате екенін дәлелдейді.

Сапа сынының бірінші буынына –п қосымшасы қосылу арқылы жасалған сапаны күшейтетін көрсеткіш күшейткіш буын екені белгілі. Ол үнемі сапаны күшейтіп көрсетеді. Мысалы: *Қонаққа қажет нәрселердің қиындықсыз **оп-оңай** табылып жатқанына өзі де таң қалып ішінен құпиялап қуанып қояды (Ә.Нұрпейісов). Дәмеліге сол ұясына кіріп бара жатқан күнде бүгінгі қырғынның **қып-қызыл** қандысуреті тұрғандай көрінді (К.Қазыбаев). ...аласа есіктен ақырын кіріп келе жатқан үй иесін көргенде төрде отырған жас жігіт өзінің осыған дейінгі нығыз қалпынан айырылып қап, **жеп-жеңіл** боп лып етіп түрегелді (Ә.Нұрпейісов). Қара кемпірдің көзін ала бере астарындағы кілемнің **мап-майда** түгін ескек қажап (Ә.Кекілбаев). Күнде-күнде өзін осылай ызаға булықтырып қойып, шімірікпестен шаруасын істеп отыра беретін уыздай **жап-жас** келіншекке жүгіріп барып, оның ана бедірейген бетін осып-осып алғыс кеп кетті (Ә.Нұрпейісов).* Осы мысалдардағы **оп-оңай**, **қып-қызыл**, **жеп-жеңіл**, **мап-майда** дегендер күшейтпелі шырайдың аналитикалық тұлғалары.

Күшейткіш буын сапалық сын есімнің бірінші буыны ашық болса, оған –п қосымшасы қосылу арқылы жасалатыны белгілі. Мысалы, **тап-таза**, **сап-сары**, **қып-қызыл**, т.б. Ал егер сапалық сын есімнің бірінші буыны тұйық немесе бітеу буын болса, онда буынның соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп, оның орнына –п қосымшасының қосылуы арқылы күшейткіш буын жасалады. Мысалы, **жап-жақсы**, **ып-ыстық**, **үп-үлкен**, **ұп-ұзын** т.б. Бұл

жоғарыдағы мысалдар, яғни күшейткіш буынды сын есімдер күшейтпелі шырайдың аналитикалық сөзтұлғасы болып табылады. Өйткені күшейтпелі шырай жұрнақ қатысы арқылы емес, көмекшілер қатысы арқылы жасалып тұр. Әрі бұл сапалық есімдердің құрамындағы күшейткіш буындар сол сапа сынының белгісін күшейтіп, сапаның жоғары дәрежесін білдіріп, грамматикалық мағына жамап тұр. Аналитикалық сөзтұлғаның негізгі белгісі – грамматикалық мағына беру болса, күшейткіш буын сол белгіге сай.

Күшейткіш буындарды аналитикалық тұлға жасаушы аналитикалық бірлік деп тануда мынадай ұстанымдарға сүйену қажет:

Біріншіден, шырайдың күшейтпелі түрін жасайтын күшейткіш буындар көмекшілер тобына жатады. Аналитикалық тұлға теориясына сай көмекшілер дербес сөзбен тіркесте ғана қолданылады.

Екіншіден, күшейткіш буындар тек қана грамматикалық мағына береді. Мысалы: *Ақ жібек жаулық жас келіншектің онсыз да үлбіреген аппақ жүзін айқындап ашып, қасы, кірпігі қап-қара боп қиыла қалыпты* (Ә.Нұрпейісов). *Баланың әкесі қып-қызылболып кетті* (С.Көбеев). *Соның өзінде жылтыр қара беті жылымай, тек тістеніп алған жұп-жұқа еріндерінің арасынан ақ тістері ғана ырсыды* (Ә.Кекілбаев). Осы тілдік деректердің өзі күшейткіш буындардың грамматикалық мағынада жұмсалып тұрғанын көрсетеді. Өйткені күшейткіш буындар сапаның түсін, белгісін күшейтіп тұр.

Үшіншіден, күшейткіш буындардың грамматикалық мағынасы – грамматикалық категорияның мағынасы. Өйткені шырай – грамматикалық категория. Шырай - сындық белгінің әртүрлі дәрежесін білдіретін грамматикалық категория. Мысалы, *Үлкен көкшіл көзі мөлдіреп, күлімдеп тұр* (З.Шашкин). *Осы сегіз үй ішіндегі ең бүтіні және үлкендеуі ортада тұрған жалпақтау, бес қанат үй екен* (М.Әуезов). *Ол сәлем бермей үйдегілерден сәлем күткен, бір үлкенірек аға азайын екен* (М.Әуезов). *Көп салт аттыдан әрмен жер түбінен сәңкиіп көрінетін жапа-жалғыз өркеш төбенің басында сегіз қанат екі үйді қабаттан тіккендей үп-үлкен бірдеңе ағараңдайды* (Ә.Нұрпейісов). *Орыс үкіметі ондай мәселеге аса үлкен жауапкершілікпен қарайды* (Ә.Кекілбаев). *Шалқар қаласындағы ең үлкен дүкен осыныкі* (Ә.Нұрпейісов). Осы мысалдардың бәрінде де бір *үлкен* деген сөздің мағынасы өзгерген жоқ. Бірақ *үлкен* деген сапаның түрлі дәрежесі білдірілген. Яғни сындық белгінің негізгі дәрежесі, төменгі дәрежесі, жоғарғы дәрежесі бары байқалады.

Төртіншіден, күшейткіш буындар тілде шырай категориясының тұрақты көрсеткіші ретінде қалыптасқан. Өйткені күшейткіш буындар шырай категориясынсыз қолданылмайды. Ол үнемі жай шырай тұлғасындағы сөздің алдына тіркесіп қолданылады.

Бесіншіден, күшейткіш буын арқылы жасалған аналитикалық тұлғалы сөз бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады. Бұл аналитикалық тұлғалы сөздің лексикалық мағыналы сөз екенін білдіреді.

Мысалы, **Ып-ыстық** алақанынан мұздай жас жалжып ағып, жеңіне сорғалап бара жатты (Ә.Нұрпейісов). Топырағы **қап-қара** ормандары, шалғындары, түзде ауланар аңы, суда ұсталар балығы – бәрі-бәрі шаян етектен (Ә.Кекілбаев). Меңсіз, ақаусыз, **тап-таза**, қара сұр жүзінде, Салиқаның үлкен тұңғиық қара көздері өзгеше екен (М.Әуезов). Бұл тілдік деректер күшейтпелі шырайдың аналитикалық тұлғаларының зат есім сөздердің алдынан тіркесіп, анықтауыш қызметін атқаратынын көрсетіп тұр. Күшейтпелі буынды сапа сындары сөйлемнің баяндауыш қызметін де атқарады. Мәселен, *Көздері қандай жып-жылы* (Ә.Кекілбаев). *Басы да үп-үлкен* (Ә.Кекілбаев). *Үйдің іші мұнтаздай тап-таза* (С.Бәкбергенов). Күшейткіш буынды сапа сындары пысықтауыш қызметінде де жұмсалады. Мысалы, *Күні бұрын кеңесіп алмақ болып ауыл сыртына оқшауланып шыққанда да, ол шидем күрінім мол шалғайын тоқымына басып, малдасын құрып тіп-тік отырды* (Ә.Нұрпейісов). *«Мынау оп-оңай ұпай бере қоймас қақсал сұм зой» - деді ме екен* (Ә.Кекілбаев).

Алтыншыдан, күшейткіш буындар сөйлеу кезінде жасалады, олар дайын тұрған тілдік бірліктер емес. Күшейткіш буындар сөйлеу кезінде сөзге грамматикалық мағына қосу үшін қолданылады. Бұл да сөздің аналитикалық тұлғасы қалыптасқан үлгі бойынша сөйлеу кезінде жасалады, сөйлемсіз, сөз тіркесінсіз ешбір аналитикалық тұлға болмайды дейтін ұстанымға сай келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.
3. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002.
4. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2008.
5. Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі сын есім категориясы. – Алматы: Қаз. мемлекеттік оқу-пед. баспасы 1961.
6. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991.
8. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986.
9. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
10. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Інжу-Маржан, 2007.
11. Төлеуов Сөз таптары. – Алматы, 1982.
12. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы 1998.
13. Кенбаева С. Шырай категориясының жасалуы, түрлері, қолданысы. // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2008.

Summary

In given article author consider analytical units of nominal words.